

2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 232 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 19 қаңтарда № 3309 тіркелді. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2011 жылғы 5 шілдедегі № 07-01-02/255 хатымен.

Ескерту. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2011.07.05 № 07-01-02/255 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 Бюджеттік кодексінің 8 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 бабына және "2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 219 Заңына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2010 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер - 89 542 101,5 мың теңге,

оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша - 28 304 511 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша - 1 498 695 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша - 59 738 895,5 мың теңге;

2) шығындар - 91 975 688,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру - - 207 716,1 мың теңге,

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 1 751 326 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 1 959 042,1 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын

операциялар бойынша сальдо - 296 800 мың теңге,

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 296 800 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы - - 2 522 671 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 2 522 671 мың теңге.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.02.11 № 279; 2010.04.09 № 293; 2010.07.14 № 309; 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

2. 2010 жылға бөлінген салықтардан түскен жалпы соманы бөлу аудандардың және Ақтөбе қаласының бюджеттеріне мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша: Ақтөбе қаласына - 22 процент, Мұғалжарға - 27 процент, Темірге - 71 процент, Хромтауға - 31 процент, Шалқарға - 32 процент және қалған аудандарға 100 проценттен;

2) әлеуметтік салық бойынша: Ақтөбе қаласына - 22 процент, Мұғалжарға - 27 процент, Темірге - 71 процент, Хромтауға - 31 процент, Шалқарға - 32 процент және қалған аудандарға 100 проценттен;

3) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша, қызметін бір жолғы талондар бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы бойынша, төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша, төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша түсімдер Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне толығымен есептеледі.

3. Облыстық бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы;

облыстық маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүргені үшін алынатын алым;

облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының бойында сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырғаны үшін төленетін төлемдер;

жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем;

орманды пайдаланғаны үшін төлем;

жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғат аймақтарды пайдаланғаны үшін төленетін төлемдер;

коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

облыстық әкімдіктің шешімі бойынша құрылған мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың таза кірістерінің бөлігінің түсімдері;

облыстық коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне есептелетін дивиденттер;

облыстық коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалардың қатысу үлесінен кірістер;

облыстық коммуналдық меншіктің мүлігін жалға беруден түсетін түсімдер;

облыстық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

уақытша бос қалған бюджеттік ақшаны депозиттерге орналастырудан алынатын сыйақылар;

облыстық коммуналдық меншіктен түсетін басқа да кірістер;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдер;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен ұйымдастырылатын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақшалар түсімдері;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен салынатын айыппұлдар, өсімдер, санкциялар, өндіріп алулар;

облыстық бюджетке түсетін салыққа жатпайтын басқа түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, яғни, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сатудан түскен ақшалар;

облыстық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, облыстық коммуналдық меншіктегі мемлекеттік қаржылық активтерін сатудан, облыстардың жергілікті атқарушы органдарының қарыздарынан түсетін түсімдер.

4. Қазақстан Республикасының "2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 5 бабына сәйкес жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының аталған қорға аударымдардың есептелген сомаларынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 проценті шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылады.

5. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте Мұғалжар ауданының бюджетінен облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемі 3 346 586 мың теңге сомасында көзделсін.

Ескерту. 5 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.04.09 № 293 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

6. 2010 жылға арналған облыстық бюджеттен республикалық бюджетке ағымдағы нысаналы трансферттер:

"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2008 - 2010 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген, жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде көзделген әлеуметтік салық пен жеке табыс салығының салық салынатын базасының өзгеруін ескере отырып, бюджет саласындағы еңбекақы қорының өзгеруіне байланысты жалпы сомасы 1 843 682 мың теңге;

жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін беруге байланысты:

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау саласында - 606 646 мың теңге;

инфекциялық, туберкулез және психикалық аурулар кезіндегі медициналық көмекті қоспағанда, стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсету бойынша - 5 533 546 мың теңге;

төтенше жағдайлар саласында - 61 942 мың теңге;

"Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи және техногендік сипаттағы төтенше

жағдайлар аймағында зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету бойынша - 56 469 мың теңге;

"Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықты хабардар етуді ұйымдастыру бойынша - 8 645 мың теңге көзделсін.

Облыстық бюджеттен, Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне берілетін трансферттердің аталған сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 6 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.04.09 № 293; 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

7. Қазақстан Республикасының "2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 бабына сәйкес:

2010 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері - 14 952 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 1 413 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы - 14 952 теңге мөлшерінде белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

8. Қазақстан Республикасының "2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 11 бабына сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тұрғын үйді күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтер көрсетуге арналған шығыстарды төлеу үшін ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

9. Қазақстан Республикасының "2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 12 бабына сәйкес 2010 жылға республикалық бюджеттен облыстық бюджетке берілетін субвенция 23 691 835 мың теңге сомасында көзделді.

10. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемі 11 962 357 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Әйтекебиге 1 314 722 мың теңге;

Алғаға 1 224 142 мың теңге;

Байғанинге 305 206 мың теңге;

Бірғызға 1 333 347 мың теңге;

Қарғалыға 1 032 164 мың теңге;

Қобдаға 1 555 767 мың теңге;

Мәртөкке 1 609 353 мың теңге;

Темірге 104 073 мың теңге;

Ойылға 1 411 765 мың теңге;

Шалқарға 2 071 818 мың теңге.

Ескерту. 10 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.04.09 № 293 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

11. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен мынадай мөлшерде ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

жанадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін күтіп-ұстауға - 315 016 мың теңге;

жанадан іске қосылатын білім беру объектілерін күтіп-ұстауға - 315 928 мың теңге;

"Өзін-өзі тану" кабинеттері үшін жабдықтар сатып алуға - 700 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілік арттыру институттарын "Өзін-өзі тану" пәні бойынша оқу материалдарымен қамтамасыз етуге - 74 012 мың теңге;

дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға - 536 506 мың теңге;

арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге - 19 035 мың теңге;

медициналық-әлеуметтік мекемелерде тамақтану нормаларын ұлғайтуға - 95 909 мың теңге;

ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің өсуіне байланысты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек пен 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге - 99 913 мың теңге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде майдандағы армия құрамына кірмеген әскери бөлімдерде, мекемелерде, әскери - оқу орындарында әскери қызмет өткерген, "1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, оның ішінде запасқа (отставкаға) шыққандарға, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеуге - 212 643 мың теңге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ, оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларына мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз етуге - 3 097 мың теңге;

ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін ұстауға - 158 643 мың теңге;

эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге - 336 531 мың теңге;

халыққа қызмет көрсету орталықтарын күтіп-ұстауға – 280 217 мың теңге;

ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға - 13 741 мың теңге;

"Мак" операциясын жүргізуге - 2 416 мың теңге;

білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға - 452 995 мың теңге;

халықаралық мағынадағы іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге – 1 401 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 11 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.04.09 № 293; 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

12. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен жұмыспен қамтудың және кадрларды қайта даярлаудың өңірлік стратегиясын іске асыруға 6 006 321 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер түскені ескерілсін, оның ішінде:

тұрғындарды жұмыспен қамтуға - 5 358 921 мың теңге;

әлеуметтік жұмыс орындарын және жастар тәжірибесі бағдарламасын кеңейтуге - 444 000 мың теңге;

кадрларды даярлау және қайта даярлау - 203 400 мың теңге.

Аталған сомаларды бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 12 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

12-1. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 569 763 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер түскені ескерілсін, оның ішінде:

"Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер - 353 763 мың теңге;

"Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері - 216 000 мың теңге.

Ескерту. Шешім 12-1 тармағымен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.07.14 № 309 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен; өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

13. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

облыстық және аудандық маңызы бар жолдарын күрделі жөндеуге сомасы 622 467 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомасын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 13 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

14. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ауыл шаруашылығын дамытуға 788 351 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін, оның ішінде:

тұқым шаруашылығын қолдауға - 31 952 мың теңге;

асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға - 26 528 мың теңге;

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басымдықты дақылдар бойынша көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға - 364 490 мың теңге;

өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын және сапасын арттыруды қолдауға - 10 789 мың теңге;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға - 473 мың теңге;

мал шаруашылығы өнімділігін және өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға - 354 119 мың теңге;

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 14 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.04.09 № 293; 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

15. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен:

ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 42 586 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер;

ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын талаптарға сәйкес 232 601 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттер түскені ескерілсін.

Аталған сомаларды бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 15 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

16. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 272 403 мың теңге сомасында, оның ішінде:

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға - 122 850 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиалық кабинеттер құруға - 149 553 мың теңге;

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 16 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

17. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

Қазақстан Республикасында кәсіптік және техникалық білім беруді дамытудың 2008 - 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде кәсіптік лицейлер үшін шетелдік ағылшын тілі оқытушыларын тартуға сомасы 11 700 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомасын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

18. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 987 073 мың теңге сомасында, оның ішінде:

жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға - 665 475 мың теңге;

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге - 321 598 мың теңге.

Ескерту. 18 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.04.09 № 293; 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

19. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендиялардың мөлшерін ұлғайтуға сомасы 197 642 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомасын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 19 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.04.09 № 293 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

20. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

облыстық бюджеттің бағдарламасы бойынша мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату шеңберінде қоршаған ортаны қорғау саласында берілетін функцияларды іске асыруға сомасы 1 805 мың теңге.

Ескерту. 20 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.04.09 № 293 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

21. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 2009-2011 жылдарға арналған "Нұрлы көш" бағдарламасын іске асыруға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға 1 067 090 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін.

Даму трансферттерінің аталған сомасын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 21 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

22. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 2009 - 2011 жылдарға арналған "Нұрлы көш" бағдарламасын іске асыру шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын сыйақы ставкасы бойынша облыстық бюджетіне кредит беруге 847 725 мың теңге нысаналы трансферттері түскені ескерілсін.

Кредит берудің аталған сомасын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

23. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін:

Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 1 861 000 мың теңге сомасында, оның ішінде:

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға - 586 000 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға - 1 275 000 мың теңге.

Нысаналы даму трансферттерінің аталған сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

24. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қала) бюджеттеріне Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын талаптарға сәйкес сыйақының нөлдік ставкасы бойынша кредит беруге 471 000 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер түскені ескерілсін.

Кредит берудің аталған сомасын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

25. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін:

елді мекендердің ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға және реконструкциялауға - 2 034 634 мың теңге;

білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға - 435 488 мың теңге;

денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға - 6 673 141 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға сомасы 2 345 000 мың теңге;

жылу энергетикалық жүйесін дамытуға - 3 114 076 мың теңге;

көліктік инфрақұрылымды дамытуға - 72 421 мың теңге;

қоршаған ортаны қорғау объектілерін салуға және реконструкциялауға - 1 825 807 мың теңге.

Нысаналы даму трансферттерінің аталған сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 25 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

25-1. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен жаңа білім беру объектілерін салуға 453 449 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 25-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.04.09 № 293 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен; өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

26. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтөбе қаласының және аудандардың бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер және даму трансферттері көзделсін, оның ішінде:

"Балапан" Мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға - 824 376 мың теңге;

1-4 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етуге - 513 865 мың теңге;

білім беру және мәдениет объектілерін өрт дабыл қаққышымен және өрт сөндіру құралдарымен жарақтандыруға - 307 201 мың теңге;

жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін күтіп - ұстауға - 55 616 мың теңге;

білім беру ұйымдарын ұстауға, күрделі жөндеуге және материалдық-техникалық жарақтандыруға - 392 431 мың теңге;

мәдениет ұйымдарын күтіп-ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға - 163 928 мың теңге;

білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға - 1 564 608 мың теңге;

көліктік инфрақұрылымды дамытуға - 67 104 мың теңге;

сумен жабдықтау жүйесін дамытуға - 434 963 мың теңге;

коммуналдық шаруашылықты дамытуға - 644 857 мың теңге;

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға - 207 146 мың теңге;
сумен жабдықтау және су бұрғыш жүйесінің жұмыс жасауына - 385 000 мың теңге;
коммуналдық меншіктегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру - 100 000 мың теңге;
қалалар мен елді мекендерді абаттандыруды дамытуға - 444 498 мың теңге;
мәдениет объектілерін дамытуға - 1 055 144 мың теңге;
азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге - 150 648 мың теңге;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға және Ұлы Отан соғысы жылдары тылда еңбек еткендерге Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай біржолғы материалдық көмек төлеуге - 93 864 мың теңге;

бюджет саласының қызметкерлеріне жалақы төлеуге - 380 104 мың теңге;
қоғамдық ашық пункттеріне техникалық қызмет көрсетуге - 5 739 мың теңге;
әкімшілік ғимараттың күрделі жөндеуіне - 98 000 мың теңге;

алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.07.14 № 309(2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

"Ауылдың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" облыстық жастар марафон-эстафетасын жүргізуге - 310 329 мың теңге;

облыстың елді мекендерін абаттандыруға - 100 083 мың теңге;

алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.10.14 № 326(2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

елді мекендердің бас жоспарын әзірлеуге - 3 000 мың теңге;

жолдарды жөндеуге - 78 272 мың теңге;

мемлекеттік органдардың Бірыңғай көліктік ортасы ауқымында электрондық құжатайналымы жүйесін қондыру қызметтеріне - 1 750 мың теңге;

заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайтуға - 11 200 мың теңге.

Трансферттердің аталған сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 26 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.02.11 № 279; 2010.04.09 № 293; 2010.07.14 № 309; 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

27. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте жұмыспен қамтудың және кадрларды қайта даярлаудың өңірлік стратегиясын іске асыруға сомасы 1 161 387 мың теңге көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

тұрғындарды жұмыспен қамтуға сомасы 1 161 387 мың теңге.

Аталған сомаларды бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 27 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.07.14 № 309; 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

28. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2010 жылға арналған резерві 27 398 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 28 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.07.14 № 309 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

29. 2010 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

30. Осы шешім 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы
Қ.ТОҚТАРОВ

Облыстық мәслихаттың
хатшысы
Б.ОРДАБАЕВ

Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы
21 желтоқсандағы № 232 шешіміне
1 - ҚОСЫМША

2010 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.10.14 № 326 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

санаты				Сомасы (мың теңге)
	сыныбы	ішкі сыныбы		
			АТАУЫ	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	89 542 101,5
1			Салықтық түсімдер	28 304 511
	01		Табыс салығы	7 365 954
		2	Жеке табыс салығы	7 365 954
	03		Әлеуметтік салық	6 346 849
		1	Әлеуметтік салық	6 346 849
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	14 591 708
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	14 591 708
2			Салықтық емес түсімдер	1 498 695

	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	60 065
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	9 650
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	50 415
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 300
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 300

	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 437 330
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 437 330
4			Трансферттердің түсімдері	59 738 895,5
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	3 746 140,5
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	3 746 140,5
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	55 992 755
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	55 992 755

Функ. топ					Сомасы (мың теңге)
1	Кіші функция		4	АТАУЫ	
	2	Әкімші			
		Бағдарлама			
3					
				II. Шығындар	91 975 688,6
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 010 720
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	762 862
		110		Облыс мәслихатының аппараты	45 431
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	45 316

				жөніндегі қызметтер	
			004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	115
		120		Облыс әкімінің аппараты	717 431
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	279 859
			002	Ақпараттық жүйелер құру	50 501
			003	Жеке және заңды тұлғаларға "жалғыз терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсететін халыққа қызмет орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	280 217
			005	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	3 510
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	103 344
	2			Қаржылық қызмет	149 425
		257		Облыстың қаржы басқармасы	149 425
			001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару	86 169

				саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			003	Біржолғы талондарды беруді ұйымдастыру және біржолға талондарды өткізуден түсетін сомаларды толық жиналуын қамтамасыз ету	39 741
			009	Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру	1 800
			010	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	5 000
			014	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	5 515
			114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	11 200
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	98 433
		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	98 433
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және облысты	94 429

				басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			006	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	4 004
02				Қорғаныс	93 537
	1			Әскери мұқтаждар	32 806
		250		Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	32 806
			003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4 884
			007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	27 922
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	60 731
		250		Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды	60 731

				және жоюды ұйымдастыру басқармасы	
			001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	39 272
			005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	20 759
			010	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	700
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	3 148 260
	1			Құқық қорғау қызметі	3 148 260
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	2 842 839
			001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы	2 549 092

				мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			002	Медициналық айықтырғыштардың және медициналық айықтырғыштардың жұмысын ұйымдастыратын полиция бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру	25 376
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	3 886
			006	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары және құрылыстарын күрделі жөндеу	25 000
			011	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	100 000
			012	Кәметке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеуді және оңалтуды ұйымдастыру	26 575
			013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	36 617
			014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	26 691

03	1	252	015	Қызмет жануарларын ұстауды ұйымдастыру	45 785
			016	"Мақ" операциясын өткізу	2 416
			018	Қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 401
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	305 421
			003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	305 421
04				Білім беру	14 581 428,5
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	452 995
		261		Облыстың білім басқармасы	452 995
			027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	(452 995
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2 823 234,4

		260		Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	1 045 272,4
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	1 045 272,4
		261		Облыстың білім басқармасы	1 777 962
			003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	697 659
			006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	448 641
			018	Жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	371 544
			048	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен	110 565

				жарактандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	
			058	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиалық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	149 553
	4			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	2 595 616
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	146 492
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	146 492
		261		Облыстың білім басқармасы	2 449 124
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 095 682
				Орта білімнен кейінгі білім беру	

04	4	261	025	ұйымдарында мамандар даярлау	1 353 442
	5			Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	772 004,1
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырыл атын атқарушы ішкі істер органы	46 134
			007	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	46 134
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	32 551
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	32 551
		261		Облыстың білім басқармасы	693 319,1
			010	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	312 807
			060	Кадрларды даярлау және қайта даярлау	380 512,1
	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	7 937 579
		261		Облыстың білім басқармасы	4 534 052
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік	64 250

				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			004	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	14 582
			005	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	19 873
			007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	71 874
			008	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	195 000
			011	Балалар мен жеткіншектердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	89 592
			012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жеткіншектерді	50 658

				оңалту және әлеуметтік бейімдеу	
			014	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	1 290
			016	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясының шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымдағы жөндеуге республикалық бюджеттен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 171 500
04	9	261	017	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясының шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымдағы жөндеуге облыстық бюджеттен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	105 350

			022	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне "Өзін-өзі тану" пәні бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын, орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілікті арттыру институттарын о қ у материалдарымен қамтамасыз етуге арналған республикалық бюджеттен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттер	68 993
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 681 090
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	3 403 527
			007	Білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға республикалық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне	888 937

				берілетін нысаналы даму трансферттер	
			008	Білім беру объектілерін салуға және реконструкциял ауға облыстық бюджеттен аудандар ((1 564 608 облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттер	
			037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциял ау	949 982
05				Денсаулық сақтау	18 410 097,4
	2			Халықтың денсаулығын қорғау	377 234
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	377 234
			005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдарын және дәрілерді өндіру	100 510
			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі қызметтер	150 489
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	124 768
			017	Шолғыншы эпидемиологиял ық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерін сатып алу	1 467

	3			Мамандандырылған медициналық көмек	3 319 743,4
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	3 319 743,4
			009	Туберкулезден, жұқпалы және психикалық аурулардан және жүйкесі бұзылуынан зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	2 337 363,4
			019	Туберкулез ауруларын туберкулез ауруларына қарсы препараттарымен қамтамасыз ету	92 595
			020	Диабет ауруларын диабетке қарсы препараттарымен қамтамасыз ету	161 526
05	3	253	021	Онкологиялық ауруларды химия препараттарымен қамтамасыз ету	238 452
			022	Бүйрегі жетімсіз ауруларды дәрі-дәрмек құралдарымен, диализаторлармен, шығыс материалдарымен және бүйрегі алмастырылған ауруларды дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз ету	121 708

			026	Гемофилиямен ауыратын ересек адамдарды емдеу кезінде қанның ұюы факторлармен қамтамасыз ету	114 305
			027	Халыққа иммунды алдын алу жүргізу үшін вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу	226 198
			036	Жіті миокард инфаркт сырқаттарын тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету	27 596
	4			Емханалар	4 690 302
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	4 690 302
			010	Республикалық бюджет қаражатынан көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, халыққа амбулаторлық-емханалық көмек көрсету	3 806 714
			014	Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және мамандандырылған балалар және емдік	883 588

				тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету	
	5			Медициналық көмектің басқа түрлері	761 575
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	761 575
			011	Жедел медициналық көмек көрсету және санитарлық авиация	731 505
			029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	30 070
	9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	9 261 243
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 125 117
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	61 750
			002	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде денсаулық сақтау объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	292 100

			008	Қазақстан Республикасында ЖКТБ інетінің алдын алу және қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	29 666
			013	Патологоанатомиялық союды жүргізу	65 944
			016	Азаматтарды елді мекеннің шегінен тыс емделуге тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	9 560
			018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметі	42 448
			028	Жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстау	315 016
05	9	253	031	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының материалдық-техникалық жарақтандыру	1 978
			032	Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу	299 767
			033	Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын	1 006 888

				материалдық-техникалық жаратқандыру	
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	7 136 126
			038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	7 136 126
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1 880 084
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	812 900
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	456 126
			002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	185 068
			013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	271 058

		261		Облыстың білім басқармасы	356 774
			015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	356 774
	2			Әлеуметтік көмек	936 829
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	936 829
			003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсету	83 312
